

Тексерілді 01.09.22
Әдіскер: Г.Досова

Бекітемін
Меңгеруші: Д.Кубесова



«Балбөбек» ересек топ балаларына арналған ұйымдастырылған іс әрекеттің перспективалық жоспары

Тәрбиешілері: А.Бегжанова
З.Есентаева

2022-2023оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : «№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы» МКҚК

Топ: «Балбөбек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : қазан 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтады. «Мен естимін» р, л дыбысын естісен шапалақта, қайтала, сөз ойла .) Тақпақ, жаңылпаштарды ақырын, жылдам айтып, сөздер мен сөз тіркесіне дикция қояды (Күзім ау, күзім ау тоқтап, созып айтады (тісінің ортасына карандаш тістетіп айтқызу) Сөздік қор.

	Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атап, аталған заттардың қолданылу аясы туралы топта талқылайды. (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) атап, заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), мағынасы қарамақарсы антоним сөздерін қолданады. (Үлкен ойыншықтарды төменге, кішкентай ойыншықтарды жоғарыға жинаймыз немесе ауыр-жеңіл) Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстырып,, көмекші сөздерді дұрыс қолданып, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атайды Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысып, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюды және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап бере алады.
Көркем әдебиет	Көркем әдебиет. Түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелердің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтады. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдап, мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастырады Жаңылтпаштарды бірге қайталап айтып, жұмбақтардың шешімін табады. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдап, оларды басқа қырынан көрсетеді (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты)
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылайды. Ұжымдық әңгімеге қатысып, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

	Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады (артикуляциялық жаттығулар) Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың атап, сипаттайды. Шағын өлеңдер, санамақтар, тақпақтар жаттап, шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтады. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнына бойынша сұрақтарға жауап беріп, өз ойын білдіреді. («Блум» әдісі, Ашық сұрақтар әдісі) Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. (Ойынға байланысты өзгертеміз мысалы: жіктеу: мен ұлмын, сен қызсың, ол ұл. Тәуелдеу: менің добым, сенің добың, оның добы. Септеу: ағаш, ағаштың тамыры, ағашқа су құй, ағашты күт, ағаштан мысықты түсір, ағашта құрт барма? Ағашпен сандық жасаймыз) Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап береді (Алдар көсе хикаялары!), өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылайды.
Математика негіздері	Жиын. Әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан топтастырып, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды. (қарағаштың жапырағы көп, тобылдың жапырағы аз, неге?) Сан, санау. 5-ке дейін реттік санап, сандарды реті бойынша атап «нешінші?» сұрағына жауап береді 5 көлемінде тура және кері санайды. Шама.

	Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырып, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстырады, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілейді. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) атап, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеп, анықтайды. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастырады Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктерін айтады және сипаттайды
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы айтады («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атайды. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы қысқаша мағлұмат береді. Заттық әлем. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атап, олармен әрекет ету жолдарын көрсетеді Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін ажыратып, атайды. Оларды жасаған адамды атайды (тігінші, ұста, шебер), жақсы сөдер айтады («Бинокль» әдісі) Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атайды (су көлік түрлері, ескек, желкен, якорь, қозғалтқыш, люк, палуба)
Құрастыру	Құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, (текше, пластина, кірпіш, блок.) оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады; заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды;

	құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды. дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды; Қағаздан құрастыру. қағаз парағын түрлендіреді; бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады; «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады Табиғи,қалдық матиралдардан құрастыру. қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен,(киіз үй бұйымдары) тұрмыстық заттарын,(торсық -бұғы, түйенің терісінен жасалған қымыз, шұбат құяды) олардың қандай материалдан жасалғанын біледі; табиғи (мақта,дәннің түрлері) және қалдық заттардан(қақпақтың түрлері,кір қыстырғыштыры) құрастырады; заттарды өз бетінше тандап, ойдан композиция құрастырады;
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салып, арақашықтығын сақтайды. (алма бағы) Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге атап, бір – бірінен ажыратып, ерекшелігін түсіндіреді Дөңгелек,- сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. (оюларды зерттеу, өздері ою ойлап табады, ол оюларды қайда пайдануға болады, берілген ойын тақырыбына сай оюларды салады) 4 ойын Қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін анықтайды. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерін өздері шығарады (Түстер әлемі ойыны ойдан түс шығару). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданып, көп түске назар аударып, пайдаланады. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтайды.

Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созып, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданады. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрастырып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі (мысалы күз мезгілін бейнелеут.б.) Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, () оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді.
Жапсыру	Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиып, берілген тақырыпқа сай құрастырып, жапсырады. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолданады. Тар жоқтарды көлденеңінен қиып, шаршының бұрыштарын қиюды. Одан шыққан бейнені құрастырып, жапсырады. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді. Алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді, ұсақ бөліктерін ересектердің көмегімен желімдейді. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін көрсетіп, оларды құрастырып, жапсырып, түсіндіреді. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсырады. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді

		Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиып немесе өз бетінше ойдан қиып жапсырады, жұмыс барысында ережені сақтайды
	Музыка	Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық жаттығулар жасауда атауларын айтады(түтікше, саңырауқұлақ, сылақшы, тәтті бал т.б.) Жаңылтпаштарды ақырын, жылдам айтуда сөз бен сөз тіркесін дұрыс айтады. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажыратып, атайды. (аудио жазба арқылы ойындар «Ненің даусы?») Сөздік қор. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстарды атап, аталған заттардың қолданылу аясы туралы тәрбиешімен бірге талқылайды. Ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін сипаттайды

	Заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздерді қолданады (көп-аз, үлкен -кіші, астында - үстінде) Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін атап, ажыратып, үлкендерді сыйлап, дастархан басында әдептілікті сақтайды. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде (бала, балалар), сан есімдерді ретімен атап (бірінші, екінші), оларды зат есімдермен септіктерде (Асан, Асанға, Асанның) , жекеше және көпше түрде, (Асанның добы, Асанның ойыншықтары) зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып, етістіктерді бұйрық райымен қолданады (отыр, жүр, жүгір). Асан жүр ойыншықтарды жинаймыз Байланыстырып сөйлеу. Балаларзатты, суретті өз бетінше қарап, сипаттап, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылайды. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды.
Көркем әдебиет	Көркем әдебиет. Балалар ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдердегі мазмұн бойынша сұрақтарға жауап беріп, жаңа сөздерді талқылайды. (ерте дамыту сайтынан аудио записьтен алынады) Әдеби шығармалардағы әрекеттердің дамуын қадағалап, мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды, автор сөздерін айтып (деңгейі жоғары бала), кейіпкерлердің мінезін беріп, шығарма мазмұнын бойынша сұрақтарға жауап береді, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады. Сахналық қойылымдарға қатысып, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнайды, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады (суреттер визикасы әдісі), еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдап, оларды басқа қырынан көрсетеді (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты)
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта.

	Ұжымдық әңгімеге қатысуда, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеп, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолданады, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіріп және дәлелдейді. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлейді (бізді қоршаған дыбыстар ойыны, рөлдерді сомдау) Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын атап, қажеттілігін айтады (жауқазын, шымшық, қарлығаш, қайығ, қарағай, тоңазытқыш, кебеже, асадал) Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді ажыратады (Отбасы рөлдік сюжеттік ойын немесе нағашы ата әжеге көмек). Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады (ол менің бөлем емес, сіңілім), үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастырып, өз ойын жеткізеді. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады. ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттап, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады.
--	--

Математика негіздері	Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығын айтып, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды. Сан, санау. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстырып, теңдік және теңсіздік ұғымын ажыратады. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастап, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді. Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығын айтып, ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырып, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілейді. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады. Геометриялық фигуралар. Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеп, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтайды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастырады, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілейді (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері (түнде тек сұлба, күндіз көлеңке)мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын ажыратады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жолда жүру ережелері. Көлік түрлерімен, жол түрлерін атап, жолда жүру ережелерін атап, ойын барысында қолданады. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Өлі табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады. (Жел, жаңбыр, тұман)

	Бақылау күнтізбесінде ауа-райын белгілейді(суық,жылы,жаңбыр жауды, жел соқты,күн шуақты)соған сәйкес киінеді. (шалбар,көйлек, жейде, кеудеше, жемпір) Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктерді ажыратып атайды(бөлме өсімдіктері) ,оларға күтім жасайды (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) . Өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсіндіреді Жануарлар әлемі. Төрт түлік және оның төлдері ажыратып атайды (сиыр-бұзау, қой-қозы,жылқы-құлын,түйе-бота,мысық-марғау, ит-күшік) мінезіндегі ерекшеліктері, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы, оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы әңгімелейді. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін айтады. Ойын барысында мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым - қатынас құрайды
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастырады. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырады, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажыратып (текше, пластина, кірпіш, блок) және атайды, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдап, өз бетінше ойдан құрастырады, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды. Ойнап болған соң оларды жинап, орнына қояды Қағаздан құрастыру. Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдырып, бұрыштарын және қырларын біріктіріп, желімдеп, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (шабадан, кебеже, жүк аяқ, талдырма) атап, олардың қандай материалдан

	жасалғанын зерттейді. (Қаза- қамыстан жасалған балық аулайтын құрал) (әр күнге бөліп топтасып зерттеу)
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салып, арақашықтығын сақтайды. Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге атап, бір – бірінен ажыратып, ерекшелігін түсіндіреді (қазақ пен орыс халқының үйлерін, сандық, шкаф, матрешка, асық ойыны, білезік -браслет, тұмар - крест) Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «кұс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «кұс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. (жүкаяқтарға «кұстұмсық» себебі?)(текемет, бөстек, адалбақан, әбдіре) 4 ойын Қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін анықтайды. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерін өздері шығарады (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданып, көп түске назар аударып, пайдаланады. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтайды.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданып, кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді. (Ормандағы мүктер)

	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі. (Бақташы атай мен бағы) Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді,
Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, оюларды қиюда қолданады. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қияды. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеріп, ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеп, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді.
Музыка	Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық жаттығу айтуда дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айтады. Сөздік қор. ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтырады. (шаштараз шаш үлгісін жасайды, қияды, өрнек сызады т.б.) Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және

	мағынасы қарамақарсы антоним сөздерді қолданады. (жыл мезгіліне сәйкес бір қатарға жинап, қара – ақ, тар-кең сөздерін қолданады) Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін атайды, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін ажыратып, үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтайды. (Қазақ билері 3 ойын) Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолданады (дейін, туралы, асты, үсті), зат есімдерді жекеше және көпше түрде, (шана, шаналар) сан есімдерді ретімен атап (бесінші шана), оларды зат есімдермен септіктерде (менің шанам, сенің шанаң), жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып (сенің шанаң әдемі немесе үлкен), етістіктерді бұйрық райымен қолданады (шанаңа отыр) (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. (Қаралған кітапты бірге әңгімелеуде бір – біріне сұрақ қояды)әңгімеге қатысып, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді (Суреттер визиткасы)
Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтып, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтады, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтап, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытады. Ертегі мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтап, автор сөздерін айтады, сахналауда кейіпкерлердің мінезін береді, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады. ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауда, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды, оларды басқа қырынан көрсетеді (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты)
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта.

	Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылайды (лава, сең, қар көшкіні) Ұжымдық әңгімеде әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізіп, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолданады. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлейді. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. (тақпақ, жаңылтпаш) Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді атайды. Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді ойын арқылы ажыратады. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіріп, төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздері айтады. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтады⁷ Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізіп, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетеді (еркін ойын) Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады (менің үйім, сенің үйің...). Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады, (айтпа, қалма, ойнама) үлгі бойынша жай (қар жауып тұр), жайылма сөйлемдер (қар жапалақтап жауып тұр)құрастырады. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді.
--	---

	Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беріп, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратып және дұрыс жауабын ұсынады, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қойып, бір-бірімен еркін диалог құрып, еркін талқылайды
Математика негіздері	Жиын. Балалар жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығын ажыратады. Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды. Сан, санау. 5-ке дейін реттік санап, сандарды реті бойынша атап «нешінші?» сұрағына жауап беріп және қорытынды санды атайды, «барлығы қанша?» сұрағына жауап береді. 5 көлемінде тура және кері санайды, 1-5 саны қайдан шыққанын көрсетеді (4+1) Шама. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырып, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстырып, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілейді. (ұғымдарды қайда пайдаланатынын айтып, көрсетеді) Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атайды. Геометриялық пішіндерді көріп және сипап сезу арқылы зерттеп, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтап, берілген бағытта қозғалады (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен). Уақытты бағдарлау.

		Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері (түндегі бейнелерді қалай атаймыз, олар қалай көрінеді) мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы айтады. Жақын туыстарын ажыратып, олардың есімдерін атап, өзінің жақындарына мадақтайды. Заттық әлем. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажыратып, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) айтады, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерін атайды, көрсетеді. Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атайды. Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар атап, ажыратады. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарайды. Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қояды. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдайды: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, қыстайтын құстарды қоректендіреді. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстарын атап, ажыратады. (жел, тұман, қар, боран) Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтайды. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) бақылайды(терезе алдындағы бақша) Жануарлар әлемі.

	Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін зерттейді, талқылайды. Үй жануарына қыста қалай күтім жасайтынын түсіндіреді (Мысалы: жылқы қар жұқа кезде азығын таба алады) Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтайды. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтап, қыстап қалған құстарға жем береді. Электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау сынды қарапайым ережелерді атап, салдарын анықтайды.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастырады Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырып, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атап, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдап, өз бетінше ойдан құрастырып, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарап, ойнап болған соң оларды жинап және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Қағаздан құрастыру. Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдырады, бұрыштарын және қырларын біріктіріп, желімдейді, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастырады. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасайды. Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастырады.

Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салады. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерін орналастырады. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын ажыратады: ағаш биік, бұта ағаштан аласа Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «кұс қанаты», «кұс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. (көрпе, текеметке оюларды бастыру) Балалардың қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін атайды. Қоңыр, қызғылт сары және ол түстерді өз бетінше жасайды (Зертхана ойыны). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастырып, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтап, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіреді. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояп, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояйды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отырады, жұмыс орнын таза ұстайды, ұқыпты болып, қауіпсіздікті сақтайды.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді.

	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданып, кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді,
Жапсыру	Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қияды. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, оюларды қиюда қолданады. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қияды. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеріп, ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеп, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді.
Музыка	Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауды балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс - әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру; Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тақпақтар мен жаңылтпашты ақырын, жылдам айтады. Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы атап, ажыратады. (Карандашты тістеу арқылы дыбыстарды анық, ақырын, жылдам айтады; «Бізді қоршаған дыбыстар» аудиожазба әдісі) Сөздік қор. Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіндіріп, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін түсіндіреді. (тоңазытқыш не үшін қажет? Ол неден жасалған?) Қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстарды атап, аталған заттардың қолданылуын түсіндіреді.

	Жалпылаушы сөздермен (киім, аяқ киім), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарын атап, мағынасы қарама – қарсы антоним сөздерді атайды. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады. Сан есімдерді ретімен атап, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстырады. Байланыстырып сөйлеу. Затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттап түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырады.
Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтады, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтады. Шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданады. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдап, кейіпкерлерге жанашырлық танытады, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалап, мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды, автор сөздерін айтып, кейіпкерлердің мінезін береді, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады. Сахналық қойылымдарға қатысып, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнайды, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдап, оларды басқа қырынан көрсетеді (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты)
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылайды. Ұжымдық әңгімеге қатысып, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

	Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді атайды. Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерін ажыратады. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданып, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастырады. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беріп, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратып, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылайды.
Математика негіздері	Жиын. Балалар жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығын ажыратады. Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды. Сан, санау. 5-ке дейін реттік санап, сандарды реті бойынша атап «нешінші?» сұрағына жауап беріп және қорытынды санды атайды, «барлығы қанша?» сұрағына жауап береді. 5 көлемінде тура және кері санайды Шама.

	Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырып, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстырып, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілейді. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атайды. Геометриялық пішіндерді көріп және сипап сезу арқылы зерттеп, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтап, берілген бағытта қозғалады (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен). Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй. Бала өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы айтады. («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атайды. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы айтады. Жақын туыстарын ажыратып, олардың есімдерін атап, өзінің жақындарына мадақтайды. Заттық әлем. Балалар жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атап, олармен әрекет ету жолдарын түсіндіреді. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуын талдайды. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажыратып, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) айтады, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерін атайды, көрсетеді. Байланыс және қозғалыс құралдары.

	Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атайды. Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар атап, ажыратады. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарайды. Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қояды. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдайды: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, қыстайтын құстарды қоректендіреді. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстарын атап, ажыратады. (жел, тұман, қар, боран) Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеп (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киімдерді таңдайды. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтайды. Жануарлар әлемі. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегін түсіндіреді. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін зерттейді, талқылайды. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтайды. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтап, қыстап қалған құстарға жем береді. Электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау сынды қарапайым ережелерді атап, салдарын анықтайды.
--	--

Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастырады Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырып, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атап, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша тандап, өз бетінше ойдан құрастырып, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарап, ойнап болған соң оларды жинап және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Қағаздан құрастыру. Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдырады, бұрыштарын және қырларын біріктіріп, желімдейді, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастырады. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасайды. Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше тандап, ойдан құрастырады.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салады. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерін орналастырады. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын ажыратады: ағаш биік, бұта ағаштан аласа Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. Балалардың қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін атайды. Қоңыр, қызғылт сары және ол түстерді өз бетінше жасайды (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады.

	Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастырып, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтап, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіреді. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояп, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояйды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отырады, жұмыс орнын таза ұстайды, ұқыпты болып, қауіпсіздікті сақтайды.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданып, кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді,
Жапсыру	Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қияды. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, оюларды қиюда қолданады. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қияды.

		Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеріп, ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеп, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді.
Музыка		Музыка тыңдау. Музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдап, алған әсерлері туралы әңгімелейді. Таныс шығармаларды атап, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын ажыратады. (ақырын, қатты, баяу, жылдам. Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеп, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдап, ән мен күйді ажыратады. . Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтады, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтады. (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында әуенді таза және сөздерді анық айтады, музыканың сипатын жеткізеді. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтады (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар. Марш сипатын ырғақты жүріспен, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіреді; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отырып, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнайды. Балалар музыкалық аспаптарын атап, ажыратады. Билер. Музыканың кіріспесін ажыратып, кіріспеден кейін қимылдарды бастайды, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстырады.

		Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындайды; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдананады. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындап, шеңбер бойымен ән айтып жүріп, қимылдарды өзгертеді, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажыратып, шапшаңдық епн ептілік танытады. атрибуттармен би қимылдарын орындайды.
--	--	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс - әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Спорттық жаттығулар Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық жаттығу айтуда дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айтады. Сөздік қор. ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтырады. (шаштараз шаш үлгісін жасайды, қияды, өрнек сызады т.б.) Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық

	электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздерді қолданады. (жыл мезгіліне сәйкес бір қатарға жинап, қара – ақ, тар-кең сөздерін қолданады) Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін атайды, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін ажыратып, үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтайды. (Қазақ батырлары қонақта, ойын барысында көрсетеді 3 ойын) Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолданады (дейін, туралы, асты, үсті), зат есімдерді жекеше және көпше түрде, (шана, шаналар) сан есімдерді ретімен атап (бесінші шана), оларды зат есімдермен септіктерде (менің шанам, сенің шанаң), жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып (сенің шанаң әдемі немесе үлкен), етістіктерді бұйрық райымен қолданады (шанаңа отыр) (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. (Қаралған кітапты бірге әңгімелеуде бір – біріне сұрақ қояды)әңгімеге қатысып, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді (Мен кіммін ойыны)
Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтып, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтады, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтап, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытады. Ертегі мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтап, автор сөздерін айтады, сахналауда кейіпкерлердің мінезін береді, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады. ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауда, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды, оларды басқа қырынан көрсетеді (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты)

Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылайды (лава, сең, қар көшкіні) Ұжымдық әңгімеде әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізіп, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолданады. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлейді. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. (тақпақ, жаңылтпаш) Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді атайды. Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді ойын арқылы ажыратады. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіріп, төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздері айтады. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтады⁷ Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізіп, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетеді (еркін ойын) Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады (менің үйім, сенің үйің...). Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады, (айтпа, қалма, ойнама)
------------	---

	үлгі бойынша жай (қар жауып тұр), жайылма сөйлемдер (қар жапалақтап жауып тұр) құрастырады. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беріп, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратып және дұрыс жауабын ұсынады, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қойып, бір-бірімен еркін диалог құрып, еркін талқылайды
Математика негіздері	Жиын. Балалар жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығын ажыратады. Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды. Сан, санау. 5-ке дейін реттік санап, сандарды реті бойынша атап «нешінші?» сұрағына жауап беріп және қорытынды санды атайды, «барлығы қанша?» сұрағына жауап береді. 5 көлемінде тура және кері санайды, 1-5 саны қайдан шыққанын көрсетеді (4+1) Шама. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырып, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстырып, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілейді. (ұғымдарды қайда пайдаланатынын айтып, көрсетеді) Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атайды. Геометриялық пішіндерді көріп және сипап сезу арқылы зерттеп, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтап, берілген бағытта қозғалады (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).

	Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері (түндегі бейнелерді қалай атаймыз, олар қалай көрінеді) мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы айтады. Жақын туыстарын ажыратып, олардың есімдерін атап, өзінің жақындарына мадақтайды. Заттық әлем. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажыратып, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) айтады, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерін атайды, көрсетеді. Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атайды. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар атап, ажыратады. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарайды. Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қояды. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдайды: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, қыстайтын құстарды қоректендіреді. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстарын атап, ажыратады. (жел, тұман, қар, боран) Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтайды. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) бақылайды(терезе алдындағы бақша)

	Жануарлар әлемі. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін зерттейді, талқылайды. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтайды. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтап, қыстап қалған құстарға жем береді. Электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау сынды қарапайым ережелерді атап, салдарын анықтайды.
Құрастыру	Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарап, ойнап болған соң оларды жинап және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Қағаздан құрастыру. Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдырады, бұрыштарын және қырларын біріктіріп, желімдейді, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастырады. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасайды. Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастырады.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салады. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды.

	Балалардың қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін атайды. Қоңыр, қызғылт сарыжәне ол түстерді өз бетінше жасайды (негізгі түстерден балалар өздері қажет түстерді шығарады). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастырып, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтап, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіреді. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояп, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояйды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отырады, жұмыс орнын таза ұстайды, ұқыпты болып, қауіпсіздікті сақтайды.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданып, кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді,

	Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, оюларды қиюда қолданады. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қияды. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеріп, ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеп, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді.
	Музыка	Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Қысқамузыкалықфразаларарасындатынысалудыдамыту. Әуенді таза жәнесөздердіанықайтуға, музыканыңсипатынжеткізебілугеүйрету. Музыкалық-ырғақтықимылдар. Би қимылдарын, ойындағымузыкалыққимылдардыорындауғақызығушылықтудыру, марш сипатынырғақтыжүріспен беру, музыканыңқимылдықсипатынақарайжеңіл, ырғақтыжүгіру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бұгу, алға созу, қайтадан бұгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айтады(көктемнің алғашқы гүлдері) Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қоры кеңейеді: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіндіреді, (сандық, кебеже олар қандай ағаштан жасалды, не үшін зерттеу, диірмен, тастан не жасауға болады?)заттарды атайды Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстырады, көмекші сөздерді (киіз үйдің ішінде, жанында,маңында,сыртында)дұрыс қолданады. Салт-дәстүрлер туралы айтады, балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін атап, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін ойын барысында орындау

	арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтайды. (күнделікті әр салтты ойын арқылы ұйымдастырып, наурыз ертеңгілігінде көрініс ретінде көрсету) Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуі жетіледі: әңгімеге қатысады, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді. (Қаралған кітапты бірге әңгімелеуде бір – біріне сұрақ қояды)әңгімеге қатысып, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді (Мен кіммін ойыны)
Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдап, соның ішіндегі көркем сөздерді қайталайды. (ұйқы уақытында) Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтып, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтады, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданады, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытады.. шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастырады. Жаңылтпаш айтып, жұмбақ шешімін тауып, құрастырып, айтыс не екенін ажыратып, ойдан сөз құрап, өлең құрастыруға талпынады. (суреттерден қос жаңа сөздер табу ойыны, жалғастыр, сүйікті ойыншығын сипаттап жасыру ойындары) ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауда, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданып, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды, оларды басқа қырынан көрсетеді (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) (ойын барысында образға кіріп, басқа балаларды бағалайды)
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылайды (сең, су тасқыны) Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

	Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлейді. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. (сымсыз телефон, ертеңгіліктегі тақпақ айтуда тәрбиеші дыбыстардың анық айтылуын қадағалау) Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді атайды. Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді ойын арқылы ажыратады. (наурыз тойына шақыру) Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіріп, төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздері айтады. (отар, үйір, табын, келе) Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізіп, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетеді (еркін ойын) Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады, (айтпа, қалма, ойнама) үлгі бойынша жай(көктем келді), жайылма сөйлемдер (шуағын шашып көктем келді)құрастырады. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беріп, (Алдар көсе пен бай) өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратып және дұрыс жауабын ұсынады, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қойып, бір-бірімен еркін диалог құрып, еркін талқылайды
Математика негіздері	Жиын. Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттарды топтастырады. Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстырып, тең немесе тең еместігін анықтайды.

	Сан, санау: Заттарды 5ке дейін санап, сандарды реті бойынша атап, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап береді. Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстырады. Теңдік және теңсіздік ұғымдарын ажыратады. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес; Теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап береді 5-ке дейін реттік санап, "Нешінші?", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап береді. Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санайды (көру, есту (аудионы тыңдау арқылы барлығы қанша жануар?), иіс сезу (бір қорапта неше жеміс?)). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санайды. Шама. Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстырады. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды беттестіріп, тұтастырып салыстырады. Геометриялық пішіндер: Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) атап, ажыратады. Геометриялық пішіндерді атап, пішіндерді зерттеп, олардан бейне шығарады. (киіз үй және жиһаздары) Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай, өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтап, өзінің дене бөліктерін бағдарлап және атайды (бас, аяқтар, қолдар).
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы айтады. Жақын туыстарын ажыратып, олардың есімдерін атап, өзінің жақындарына мадақтайды. Заттық әлем. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажыратып, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) айтады, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерін атайды, көрсетеді. Байланыс және қозғалыс құралдары.

	Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атайды. Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар атап, ажыратады. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарайды. Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қояды. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдайды: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, қыстайтын құстарды қоректендіреді. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстарын атап, ажыратады. (жел, тұман, қардың еруі) Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып тез еруі), ойын, еңбек, эксперимент барысында қар, суқасиеттерін анықтайды. Жануарлар әлемі. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, жыл мезгіліне бейімделуін зерттейді, талқылайды. (аюдың тіршілігі, қоянның өзгеруі) Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтайды. Электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау сынды қарапайым ережелерді атап, салдарын анықтайды.
Құрастыру	Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарап, ойнап болған соң оларды жинап және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Қағаздан құрастыру. Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдырады, бұрыштарын және қырларын біріктіріп, желімдейді, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады. Табиғи

		(мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері)(киіз басу, фетрге ою құрастыру) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастырады. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасайды. Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастырады.
	Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салады. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «күс қанаты», «күс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. Балалардың қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін атайды. Қоңыр, қызғылт сары және ол түстерді өз бетінше жасайды (негізгі түстерден балалар өздері қажет түстерді шығарады). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастырып, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтап, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіреді. (қоржын, сандық, алдарға шапан) Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояп, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояйды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отырады, жұмыс орнын таза ұстайды, ұқыпты болып, қауіпсіздікті сақтайды.
	Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді.

	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданып, кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді,
Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, оюларды қиюда қолданады. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қияды. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеріп, ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеп, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді.
Музыка	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	Кеудеге арналған жаттығулар Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық жаттығулар жасауда атауларын айтады(инеше, төбешік, жалпақ тіл, кесе, сағат) Жаңылтпаштарды ақырын, жылдам айтуда сөз бен сөз тіркесін дұрыс айтады. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажыратып, атайды. (тық – тық тамшы, қыр – қырт құлыптың ашылуы) Сөздік қор. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстарды атап, аталған заттардың қолданылу аясы туралы тәрбиешімен бірге талқылайды. Ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін сипаттайды

	Заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздерді қолданады (көп-аз, үлкен -кіші, астында - үстінде) Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін атап, ажыратып, үлкендерді сыйлап, дастархан басында әдептілікті сақтайды. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде (қоян, қояндар), сан есімдерді ретімен атап (бірінші, екінші), оларды зат есімдермен септіктерде (қоян, қоянның, қоянға), жекеше және көпше түрде, (қоянның шөптері, қоянға шөп) зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып(қоян қандай?), етістіктерді бұйрық райымен қолданады (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Балаларзатты, суретті өз бетінше қарап, сипаттап, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылайды. (ғаламшар, гүлдің пайда болуы, досының жоғалуы) Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды.
Көркем әдебиет	Көркем әдебиет. Балалар ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдердегі мазмұн бойынша сұрақтарға жауап беріп, жаңа сөздерді талқылайды. (ерте дамыту сайтынан аудио записьтен алынады) Әдеби шығармалардағы әрекеттердің дамуын қадағалап, мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды, автор сөздерін айтып (деңгейі жоғары бала), кейіпкерлердің мінезін беріп, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады. Сахналық қойылымдарға қатысып, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнайды, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады (суреттер визикасы әдісі), еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдап, оларды басқа қырынан көрсетеді (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты)
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта.

		Ұжымдық әңгімеге қатысуда, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеп, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолданады, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіріп және дәлелдейді. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлейді (бізді қоршаған дыбыстар ойыны, рөлдерді сомдау) Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын атап, қажеттілігін айтады (жауқазын, шымшық, қарлығаш, қайық, қарағай, тоңазытқыш, кебеже, асадал) Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді ажыратады (Отбасы рөлдік сюжеттік ойын немесе нағашы ата әжеге көмек). Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады (ол менің бөлем емес, сіңілім), үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастырып, өз ойын жеткізеді. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады. ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттап, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады.
--	--	--

Математика негіздері	Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығын айтып, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды. Сан, санау. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстырып, теңдік және теңсіздік ұғымын ажыратады. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастап, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді. Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығын айтып, ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырып, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілейді. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады. Геометриялық фигуралар. Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеп, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтайды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастырады, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілейді (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері (таңертең күннің ызғары, күндіз жылынуы т.б.) мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын ажыратады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жолда жүру ережелері. Көлік түрлерімен, жол түрлерін атап, жолда жүру ережелерін атап, ойын барысында қолданады. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары

	Өлі табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады. (Жел, жаңбыр, тұман) Бақылау күнтізбесінде ауа-райын белгілейді (суық, жылы, жаңбыр жауды, жел соқты, күн шуақты) соған сәйкес киінеді. (шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір) Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктерді ажыратып атайды (бөлме өсімдіктері), оларға күтім жасайды (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту). Өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсіндіреді Жануарлар әлемі. Төрт түлік және оның төлдері ажыратып атайды (сиыр-бұзау, қой-қозы, жылқы-құлын, түйе-бота, мысық-марғау, ит-күшік) мінезіндегі ерекшеліктері, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы, оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы әңгімелейді. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін айтады. Ойын барысында мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым - қатынас құрайды
Құрастыру	құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, (текше, пластина, кірпіш, блок.) оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады; заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды. дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды; Қағаздан құрастыру. қағаз парағын түрлендіреді; бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады; «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады; (бақа, ит, құс) Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, (киіз үй бұйымдары) тұрмыстық заттарын, (күбі, тостаған, астау) олардың қандай материалдан жасалғанын айтады

	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары) (ертұрман - ерлерге арналған жеңіл, ықшам, көбінесе мүйіз, сүйекпен, әшекейленеді, оның қажеттілігін түсіндіру.) табиғи (мақта,дәннің түрлері) және қалдық заттардан(қақпақтың түрлері,кір қыстырғыштыры) құрастырады; заттарды өз бетінше таңдап, ойдан композиция құрастырады;
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салып, арақашықтығын сақтайды. Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге атап, бір – бірінен ажыратып, ерекшелігін түсіндіреді (қазақ пен орыс халқының үйлерін, сандық, шкаф, матрешка, асық ойыны, білезік -браслет, тұмар - крест) Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. (жүкаяқтарға «құстұмсық» себебі?)(текемет, бөстек, адалбақан, әбдіре) 4 ойын Қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін анықтайды. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерін өздері шығарады (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданып, көп түске назар аударып, пайдаланады. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтайды.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас

	бөліктен созып, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданады. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрастырып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі (мысалы «Үйшік» ертегісімен аюды, мен тышқанды) Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, (сандық, сандыққап, ағаштөсек, кебеже, әбдіре) оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді.
Жапсыру	Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиып, берілген тақырыпқа сай құрастырып, жапсырады. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолданады. Тар жолақтарды көлденеңінен қиып, шаршының бұрыштарын қиюды. Одан шыққан бейнені құрастырып, жапсырады. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді. Алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді, ұсақ бөліктерін ересектердің көмегімен желімдейді. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынды атап, құрастырады. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсырады. (тақия, текемет, шапан, сандық) Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді

		Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиып немесе өз бетінше ойдан қиып жапсырады, жұмыс барысында ережені сақтайды
	Музыка	Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза жән сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Жүзу. Суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Өткенді қайталау.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық жаттығулар жасауда атауларын атап, дыбыстарды баланың қажеттіліне қарай қайталайды(инеше, төбешік, жалпақ тіл, кесе, сағат) Тақпақтарды айтуда екінді, логикалық үзілістерді пайдаланады. (ұлттық ойындар аксерек, кетті – кетті орамал) Фонематикалық естуді дамыту: айналасындағы дыбыстарды тыңдап, ажыратады (Қайтала, Шапалақта, Тыңда, айт. Бірінші дыбысты ата ойындары) Сөздік қор. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстарды атап, аталған заттардың қолданылу аясы туралы тәрбиешімен бірге талқылайды. Заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздерді қолданады (көп-аз, үлкен -кіші, астында - үстінде)

	Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін атап, ажыратып, үлкендерді сыйлап, дастархан басында әдептілікті сақтайды. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде (көшет, көшеттер), сан есімдерді ретімен атап (бірінші, екінші), оларды зат есімдермен септіктерде (), жекеше және көпше түрде, (көшетті, отырғыз,) зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып(қоян қандай?), етістіктерді бұйрық райымен қолданады (отыр, көшетті алып жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Балаларзатты, суретті өз бетінше қарап, сипаттап, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылайды. (жауқазынның шығуы, көктем бейнесі) Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды.
Көркем әдебиет	Көркем әдебиет. Аудио ертегілерді тыңдап, сұрақтарға жауап беріп, әдемі сөздерді қайталайды. Өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтап, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдайды, ойын барысында кейіпкерлеріне жанашырлық танытады Әдеби шығармаларды мазмұнын қайталап, сюжет желісінің реттілігін сақтап, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады. (ертегі, әңгімелер) Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастырады. Ойдан жұмбақ құрастырып, аяқталмаған сөздердің ұйқасын табады. (айтыс) Сахналық қойылымдарда сомдауда (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдап, оларды басқа қырынан көрсетеді (аңқау-айлакер, қатігез)
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта.

		Ұжымдықәңгімеде әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеп, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеп, өзінің әрекетін түсіндіріп, дәлелдейді. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ойын барысында дыбыстарды тауып, ажыратып, анық айтады. («Асықпай ойлан», «Кім жақсы тындайды?» «Барлық сөзде бар дыбысты тап»)Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттарды атап, маңыздылығын түсіндіреді. . Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы атап, келген қонақтарды ажыратады. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын атайды, «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіреді. (жылқышы тек жылқыны бағады, Қамбар ата, жылқыда өт жоқ, неге?) Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздері айтады. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастырады. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беріп, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратып, дұрыс жауабын ұсынады, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылайды. .
--	--	--

Математика негіздері	Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығын көрсетіп, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды. Сан, санау. 5-ке дейін реттік санап, «барлығы қанша?» сұрағына жауап береді. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстырып, теңдік және теңсіз екенін ажыратады. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастырады, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді. 5 көлемінде тура және кері санайды. Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығын көрсетеді. Ойын барысында берілген заттың ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырады, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады. («Батыл қоян – ұзын құлақ, қиғаш көз, қысқа құйрық» ертегісін пайданып, басқа жануарлармен салыстыру) Жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілейді. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атап, ажыратып, оларды қайда қолданатынын түсіндіреді (куб не үшін қажет, оны қайда пайдалануға болады?) Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтап, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастырады, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілейді (менің алдымда балабақша, сол жағымда мектеп). Уақытты бағдарлау. «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын ажыратып, ұғымдарға байланысты әңгімелейді
Қоршаған ортамен таныстыру	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Ойын барысында балаларды адамгершілікке, өзара көмек беріп, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ

	болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдайды,бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіреді. (Екі дос ертегісі) Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезініп, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрайды. («Достық» кілемшесі, ренжеткен бала кілемшені жайып, неден басталғанын айтып, келіспеушілікті шешеді күнделікті) Менің Отаным – Қазақстан. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын ажыратып, маңыздылығын түсіндіреді. Жолда жүру ережелері. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелерін сақтайды, белгілерін атайды. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын атап, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстайды. (басқа адамнан затты алма ойыны) Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Жел, жаңбыртабиғат құбылысы екенін атап, олардын пайдасын түсіндіреді. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеп (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киінеді. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктер, оларға күтім жасайды (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту). Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтайды. Өсімдіктерді жіктейді: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман). Жануарлар әлемі. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы,
--	---

	жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтайды. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) атап, бір – бірінен ерекшелігін ажыратады. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Өз өмірінің қауіпсіздігі үшін электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін атайды (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастырады. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырады, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажыратып (текше, пластина, кірпіш, блок) және атайды, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдап, өз бетінше ойдан құрастырады, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды. Ойнап болған соң оларды жинап, орнына қояды Қағаздан құрастыру. Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдырып, бұрыштарын және қырларын біріктіріп, желімдеп, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) атап, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттейді. (Күбі- Еменнен жасалған ауыз жағы тарлау, түп жағы кеңдеу <u>қымыз</u> ыдысы) (әр күнге бөліп топтасып зерттеу)
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салып, арақашықтығын сақтайды. (жайлау, таулар, төрт түлік) Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге атап, бір – бірінен ажыратып,

	ерекшелігін түсіндіреді (қазақ пен орыс халқының үйлерін, сырға, білезікке салынатын белгілерді атап, салады) Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. (ата- әже, бозбала мен қыздың киімдеріне оюларды салады) 4 ойын Қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін анықтайды. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерін өздері шығарады (ағаштың түсін тап, шөптердің түсін шығар (ақ пен жасыл сарыны қосса не болады?). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданып, көп түске назар аударып, пайдаланады. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтайды.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созып, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданады. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрастырып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі (мысалы Мамыр айының ерекшеліктерін ағаштың гүлдеуі т.б.) Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, (сандық, сандыққап, ағаштөсек, кебеже, әбдіре) оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді.

Жапсыру	Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиып, берілген тақырыпқа сай құрастырып, жапсырады. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолданады. Тар жолақтарды көлденеңінен қиып, шаршының бұрыштарын қиюды. Одан шыққан бейнені құрастырып, жапсырады. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді. Алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді, ұсақ бөліктерін ересектердің көмегімен желімдейді. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, сырға, алқа, тұмар құрастырып, жапсырып, түсіндіреді. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсырады. (тақия, текемет, шапан, сандық) Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиып немесе өз бетінше ойдан қиып жапсырады, жұмыс барысында ережені сақтайды
Музыка	Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.